



Жаңа кітаптар 3 квартал.



Айымбетов М. Бопай ханым: тарихы роман / М. Айымбетов.-Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021.-224 б.

Аталған тарихи роман он сегізінші ғасырда өмір сүрген қазақтың бас ханы Әбілқайырдың жары Бопай Сүйіндікқызының өмірнамасына арналған. Сол кезеңде қазақ халқын неше түрлі жаугершілік амалымен өзіне тәуелді етуге жанталасқан орыс билігіне қарсы тұрған хан ордасының әскери-саяси өмірі – шығарманың негізгі арқауы. Романның басты кәріктемдік қағидасы – төл тарихымыздың қалтарысында күні бүгінге дейін бұрмаланып келген шындық пен ақиқатты көрсету.




Ахтанов Т. Боран. Роман. – Алиаты: Sunshine plus , 2023. – 344 б.

Жазушы романға ауыр тағдырына шағынып езілмеген, адамдық қасиетін жоймаған Қоспан қойшының өмірін өзек етіп алып, сол арқылы өзі өмір сүрген қоғамның, әлеуметтің айнасы жасаған.



Байғұт М. Әкімнің әйелі. Әңгімелер. – Алматы: ЖК «Жаксылыков А.А.», 2023. – 328 б.


Бұл кітапқа оқырман айрықша ықыласпен қабылдаған, газет – журналдарда, жинақтарда жарияланған туындыларымен қатар кейінгі кездері жазған жаңа әңгімелері кіргізілді.



Ежелгі, орта ғасырлар және жаңа замандағы Қазақстан және іргелес елдер тарихындағы билік институтының эволюциясы: Халықар. ғыл.-теор. конф. мат-ры.- Алматы:Тарих және этнология институты, 2016.-272 б.


Басылымда 201 жылы 2 маусым күні Алматы қаласында өткізілген «Ежелгі, орта ғасырлар және жаңа замандағы Қазақстан және іргелес елдер тарихындағы билік институтының эволюциясы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция қатысушыларының баяндамалары мен хабарламалары ұсынылған. Жинақ материалдарында Қазақстан және шекаралас мемлекеттердің ежелгі, орта ғасыр және жаңа замандағы билік институты эволюциясының әр түрлі кріністері баяндалады.

Бұл жинақ ғылыми қызметкерлерге, тарих оқытушыларына, аспиранттар мен магистранттарға арналған.



Қойшыбаев Б. Комиссар Жүргенов. Роман. – Алматы: Керемет медиа, 2023. – 352 б.

Романда аса көрнекті мемлекет және мәдениет қайраткері, үлкен террор құрбаны Темірбек Қараұлы Жүргеновтің өмір жолы, өскен ортасы, ел игілігін көздеген жанқиярлық еңбегі, қуғын-сүргінге түскен отбасының ахуалы суреттеледі.




Көкебаева Г. Талқыға түскен тағдыр: түркістандық соғыс тұтқындары. Монография. – Алматы: Полиграфия сервис и К, 2022. – 302 б.

Монографияда екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі түркістандық соғыс тұтқындарының тарихы мен тағдыры зерттелген.




**Мәукенұлы Н. Өмір сүрдім, өле сүйдім.
Өлеңдер. – Алматы: Арда+7, 2023. – 384 б.**

Бұл жинағында терең қатпарлы сезім күйі мен ойлы толғаныстарға толы сәттері анық көрінеді.




**Ниязбек Р. Көсем. Тарихи роман. Алматы:
ЖК «Жаксылыков А.А.», 2023. – 528 бет.**

Бұл тарихи романында қылышынан қан тамған қызыл империяның тұсында билікке келіп, ұлттық мемлекеттің негізін қалаған аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, академик, үш дүркін Еңбек ері атанған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өмір жолдары шырайлы шындық арнасында шынайы суреттелген.



Сабыр М. Алтын Орда дәуірі: Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасы (XIVғ.). – Алматы: Liber, 2023 – 320 б.

Еңбекте Алтын Орда дәуірінің тарихи-мәдени және тілдік үдірістері жан-жақты сараланған.



Сапекен / Құрастырушы Г.Х. Бегалина.-Алматы: «Жібек жолы» БҰ, 2023.-175 б.

Бұл кітапта қазақ балалар әдебиетінің атасы саналатын дарынды жазушы, адамгершілік қадыр-қасиеттерімен, көркем мінезімен өмірде етене араласқан адамдардың көңіл түкпірінен өзіндік орын алып, естерінде мәңгі асқталып қалған Сапарғали Ысқақұлы Бегалиннің ғұмыр жолы мен шығармашылығы туралы баяндалады.

Басылым жеке адамдар тағдырының шежіресі іспетті туған Қазақстанның тарихына қызығушылық танытатын қалың оқырманға арналған.



Шілдебай С. Қазақстандағы жұқпалы аурулар мен індеттерге қарсы күрес тарихы (1920-1936). – Алматы: Полиграфия-сервис и К, 2021. – 167 б.

Кітап бұрын ғылыми айналымға түспеген тың архив құжаттары мен деректерінің негізінде 1920-1936 жылдары Қазақстан аумағында кең таралған жұқпалы аурулар мен індеттерге қарсы билік органдары мен денсаулық сақтау ұйымдарының жүргізген күрес тәжірибесінің тарихы талданған.



Хасенов Н.Х. Обетованный край / Павлодар: ЭКО, 2008.-398 с.

Издание «Обетованный край» рассказывает об основных этапах развития села и его тружениках. В книге нашла отражения история села до революции 1917 года и в период советского времени.

Книга предназначена для широкого круга читателей.